



Айтбай Гулмира Бекенқызы
әлеуметтік педагог

«Адам жанын түсіне білу,
оны зерттей білу-үлкен өнер» З.Фрейд.

«Мен бір жұмбақ адаммын» оны да ойла-деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, әрбір тұлға – жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу мен қалаған мамандықтың ғажайып тылсым сыры. «Армансыз адам- қанатсыз құспен тең» -дегендей, оқушылар мектеп бітірген соң, өзі армандаған бір мамандықтың иесі болады. Сол оқушының бірі мен едім. Міне, осынау ХХІ ғасыр дәуірінде қым-қуыт, адамы мен заманы көптеген өзгерістерге тап болған кезеңде әлеуметтік педагог мамандығы қажет болғандықтан мен осы мамандықты таңдадым. Мамандықты дұрыс таңдай білдім деп ойлаймын. «Мамандығым – мақтанышым»- дегендей мен осы маман иесі болғанымды мақтан тұтамын. Мамандық- жай күнелту, ақша табу емес. Менің өмірдегі бақытым – жүрек қалауымен балалармен жұмыс жасау, олардың қуанышы мен күлкісінен нәр алу.

Мен Гулмира Бекенқызы 03.11.1979 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келдім. Ақтоғай ауданының Сарытерек аулында балалық шағым өткен. 1996 жылы «Сарытерек» орта мектебін бітіріп, әкемнің ұстаздық жолын жалғастыру мақсатында Қарағанды қаласына оқуға келіп, Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Әлеуметтік педагогика» мамандығына оқуға түстім. Әкем менің өмірге деген көзқарасымды қалыптастырып, адамдық пен надандықтың ара жігін ашып көрсетіп, ұстаздық жолын таңдауыма себепкер болған жан. Мен де әке жолын жалғастыру мақсатында оқуымды тамамдап, алғашқы еңбек жолын №68 мектеп-интернаттан бастадым әрі 13 жыл әлеуметтік педагог қызметін атқарып келемін. Сол уақыттан қазіргі кезге дейін баламен жұмыс жасаудың үлкен бақыт екенін сезіндім. Осы 13 жыл бойы осы ұжыммен біте қайнасып, бірлесе жұмыс жасағанның арқасында өзіме өмірлік сабақ ала білдім. Осы аралықта мектептің бар қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, жалпы ұжымдық жұмыстардың ыстығы мен суығын бірге бөлісе білдік.

Қазір ұжымым өзімнің екінші отбасыма айналғандай, барлық қызығы мен шыжығы мол өмірді бірге бөлісуге тырысамын. Өзімді бұл ұжымсыз елестете алмаймын.

Негізгі жұмысымнан басқа 2019 жылдан бері кәсіподақ комитетінің төрайымы қызметін атқарып келемін. Кәсіподақ комитетінің мүмкіндіктері туралы ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстарын қатар жүргізу менің құзырымда. Осы мектеп–интернатта жұмыс жасай жүріп, жылдар бойы

тәжірибе жинақтап, 2019-2020 оқу жылында атқарған еңбегім еленіп, педагог-сарапшы санатына ие болдым.

Ата –баба дәстүрінен бастау алған жан-жарастығы мен жайсандығын әрі қарай жалғастыру, жас ұрпақ санасына қалыптастыру үшін ақын Шәкәрім сөзімен айтсам, ар ғылымы мен ішкі жан сыры іліміне ерекше көңіл бөлінуі керек. Мектеп ұжымдарының зор табыстарға жетіп, береке бірліктерінің мықты болуына, оқушыларының сапалы білім алып, саналы тәрбиеде болуына менің де қосып жатқан үлесім зор деп білемін.

«Мектеп - кеме, білім – теңіз» дегендей, осы мектеп кемесінде өз ұжымымен бірге білімін шыңдап, беделді, білікті маман болу басты мақсаттарымның бірі.